



Елубай М. А.

20 24 ж.

**Докторантураға түсушілерге арналған сұхбаттасу
бағдарламасы**

Негізгі мәліметтер			
Факультет/кафедра	Жаратылыстану ғылымдары факультеті / Биология және экология		
Оқу бағдарламасының шифры мен атауы	8D05101 – Биология		
	Атағы/лауазымы	Аты-жөні	Қолы
Құрастырушы	PhD докторы, қауымд. профессор	Кукушева А.Н.	<i>Ky</i>
Кафедра меңгерушісі	б.ғ.к., профессор	Калиева А.Б.	<i>Aliya</i>
Факультет ОӘК төрағасы	х.ғ.к., профессор	Несмеянова Р.М.	<i>R.M.</i>
Кафедра отырысында қарастырылды		Протокол/Мерзімі	13 / 05 / 24 № 10
Факультет отырысында ОӘК қарастырылды		Протокол/Мерзімі	27 / 05 / 24 № 10

Оқуға түсушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

1. Сұхбаттасудың мақсаты мен міндеттері

Мақсаты магистратурада «Биология» мамандығы бойынша алған ЖОО түлектерінің білімдерін тексеру мен бағалау. 8D05101 – Биология бағыты бойынша докторантурада оқу жоғарғы ЖОО білімінен кейінгі жүйеде жалғасы болып табылады және магистратураға дайындық оқу жоспарымен қарастырылған пәндер білімдеріне негізделген.

8D05101 – Биология мамандығы бойынша докторантурада PhD докторларды даярлау білім беру бағдарламасының **негізгі міндеттері** келесілерде:

- әлемнің ғылыми бейнесі туралы және биосфера туралы тұтас көріністі қамтамасыз ететін маңызды және іргелі білімдерді меңгеру;
- олардың белсенді өмір сүруінің барлық мерзімінде жаңа білімді өздігінен шығармашылық түрде меңгерудің қажеттілігі мен дағдылануының және өзін-өзі кемелдендіру мен өзін-өзі жетілдіру ұмтылысын тұрақты түрде дағдыландыру;
- жалпы кәсіби мәдениеті, оның ішінде азаматтық ұстанымы бар, қазіргі ғылыми және практикалық мәселелерді тұжырымдай және шеше алатын, жоғары оқу орындарында сабақ бере алатын, зерттеу, өндірістік, ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметін табысты жүзеге асыра алатын қарым-қатынас мәдениеті жоғары деңгейдегі мамандарды даярлау;
- өзгеріп отыратын әлемде кәсіби ұтқырлықты қамтамасыз ететін ғылымдар тоғысуындағы іргелі білімдерді меңгеру;
- дала және зертханалық ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру мен жүргізу дағдыларын меңгеру, ғылыми жұмысты докторантурада жалғастыру үшін қажетті дайындама жасау;
- тәжірибелік сұрақтарды шеше алатын, ұйымдастырушылық жұмыс пен менеджмент принциптерін меңгерген мамандарды дайындау.

Мамандық бойынша сұхбаттасу кезінде білім алушы міндетті:

білу: тірі ағзалардың өмір сүру ортасының факторларымен әрекет етудің жалпы заңдылықтарын; жалпы биология, экология және паразитология саласында жеткілікті дағдыларды, сонымен қатар алған теориялық білімді нақты ғылыми-тәжірибелік, ақпараттық-ізвестірулік, әдістемелік міндеттерді шешу үшін қолдануды;

істей білу: жағдайға байланысты міндеттерді шешуде биологиялық білімді тәжірибе жүзінде пайдалануды, биологиялық және экологиялық зерттеулерді, ғылыми тәжірибелерді, бақылауларды жоспарлау мен жүзеге асыруды; алынған нәтижелерді өңдеу, талдау және түсінуді; табиғи ортаның өзгеруін реттеу бойынша шамаларды моделдеуді, болжау және анықтауды, нормативтік құжаттарды пайдалануды;

дағдылы болу керек: табиғатты қорғау әрекеттерде биологиялық үрдістерді талдау және нақты міндеттер мен басымдықтарын қою, биосфераның даму заңдылықтарын және экологиялық тепе-теңдікті сақтау

шарттарын талдау, биологиялық міндеттерді орындау үшін тәжірибенің материалдары мен нәтижелерін қолдану;

білікті болу: табиғи жағдайлар мен ресурстарды пайдаланудың жеке және жалпы мәселелерін талдауда және табиғатты пайдалану мен биоалуантүрлілікті басқаруда.

2. Сұхбаттасуды өткізудің формасы мен ұйымдастырылуы

Сұхбаттасу өткізуінің формасы – ауызша. Сұхбаттасуға арналған жалпы баллдардың саны – 30. Баллдарды бағалау критерийлері бойынша бөлу төменде берілген.

Сұхбаттасуды 8D05101 – Биология білім беру бағдарламасы бойынша тиісті бейінге сай доктор немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар профессорлық-оқытушылық құрам қатарынан қалыптасатын емтихан комиссиясы өткізеді. Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді. Емтихан комиссиясының құрамы оның төрағасымен қоса, университет басшылығының бұйрығымен бекітіледі.

Сұхбаттасу бойынша қорытынды баға дескрипторларға сәйкестікке бағаланған ауызша жауап үшін әрбір критерий бойынша балл сомасы болып табылады және 30 баллдан аспауға тиіс.

Сұхбаттасу нәтижелері емтихан комиссиясы отырысының хаттамасымен ресімделеді және ол өткізілген күні хабарланады.

Комиссия түсушілердің теориялық және практикалық даярлық деңгейінің белгіленген жалпыға міндетті стандарттарға сәйкестігін, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша нақты білім, іскерлік және практикалық дағдылар деңгейін, жауаптардың қисындылығы мен дәлелділігін, ғылыми қызметке уәжділігі мен қызығушылығын, ғылыми негіз бен ғылыми-зерттеу жұмыс тәжірибесін айқындайды.

3. Сұхбатты бағалау критерийлері

№	Критерийлер	Дескрипторлар	Ұпайлар
1.	Мотивация	Таңдалған ББ бойынша докторантурада оқуға және белгілі бір ЖОО-ға түсуге арналған уәждерді дәлелдеу. Оқуды аяқтағаннан кейін кәсіби және жеке өсу перспективаларын көру.	5
2	Зерттеу құзыреттілігі	Белгілі бір пәндік саладағы ғылыми-зерттеу қызметі үшін қажетті зерттеу дағдылары мен тәжірибесін меңгеру.	10
3.	Креативті ойлау	Стандартты емес ойлау, проблемаларды, ситуациялық мәселелерді шешудің шығармашылық және балама тәсілдері.	10
4.	Коммуникативті	Өз көзқарасын қысқаша, өкілді, логикалық, дәлелді түрде жеткізе білу, жалпылау және қорытынды жасау. Тілдерді меңгеру.	5
Ең көп ұпай саны			30

4. Сұхбаттасу үшін тақырыптар мен сұрақтардың үлгі тізбесі

(өз тұжырымдарыңызды практикалық мысалдармен растай отырып негіздеу)

1. Автордың ғылыми мәтіндердегі сауаттылығының белгілері.
2. «Ақыл көші» процесі, себептері мен ықтимал салдары.
3. Ғылыми зерттеулердің пәнаралық сипаты, артықшылықтары мен кемшіліктері.
4. Қоғамда ғалымның бейнесі.
5. Ғылыми зерттеу тақырыбының жетістігі.
6. Адам мен қоғам өміріндегі биологиялық ғылымның маңызы мен рөлі.
7. Түрлердің биоалуантүрлілігінің өзекті мәселелері.
8. Қазіргі биология мәселелері және мүмкін болатын шешімдер.
9. Биологияның ғылыми-техникалық прогрестің дамуына қосқан үлесі.
10. Жоғары рейтингті журналдардағы ғылыми жарияланымның табыстылығы.
11. Қоршаған орта және оның адам денсаулығына әсері.
12. Қоршаған орта сапасының нашарлау факторлары.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Тейлор Д. Биология: в 3 т. Т. 3 / Д. Тейлор, Н. Грин, У. Стаут; под ред. Р. Сопера; пер. 3-го англ. Изд. – 8-е изд. – М.: Лаборатория знаний, 2016. – 451 с.
2. Б. Глик, Дж. Пастернак. Молекулярная биотехнология. Принципы и применение. М.: Мир. – 2002.
3. Биоресурсы Казахстана / О. Б. Беркинбай [и др.]. – 2-е изд., доп. – Алматы: Альманахъ. Т. 2: Ресурсы птиц. – 2017. – 281 с.
4. Биоресурсы Казахстана / О. Б. Беркинбай [и др.]. – 2-е изд., доп. – Алматы: Альманахъ. Т. 1: Рыбные ресурсы, ресурсы земноводных, ресурсы пресмыкающихся. – 2017. – 156 с.
5. Мухин В.А., Третьякова А.С. Биологическое разнообразие. Водоросли и грибы. – 2013. – 268 с.
6. Ярская-Смирнова Е. Создание академического текста: учеб. пособие. – М.: ООО «Вариант»: ЦСПГИ, 2013. – 156 с.
7. Прокопьева Л. В. Фитоценология: учебник. – Йошкар-Ола, 2009. – 128 с.
8. Баханова М. В., Намзалов Б. Б., Ловцова Н. М. Основы интродукции растений. – Улан-Удэ: Издательство Бурятского государственного университета, 2017. – 212 с.
9. Сухачев А.А. Экологические основы природопользования: учебник. – М.: КНОРУС, 2016. – 392 с.